

Л-2007  
86395

Элия  
**БОНДЖАНОВА**

I



952) 809; 80.452 12 18  
Элия Бөпежанова

Жұнагүл Абай Нұрланық  
журналы «МІЛЛАТ»

# ӨНЕР – ЖЕКЕ ТӘЖІРИБЕ

Сыни-мәдениеттанушылық кітап

I

АЛМАТАЫ  
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”  
2007

6-89-881-2280 ISBN 978-9987-6821

## «ТАНЫМ» сериясы

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитетінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Бөпежанова Ә.

Б 78    Өнер – жеке тәжірибе: Сыни-мәдениеттанушылық кітап. I. – Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2007. – 328 б.

ISBN 9965-759-68-5

Белгілі сыншы, мәдениеттанушы, Халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты Элия Бөпежанованаң бұл кітабында әдебиетіміз бен онеріміздің, жалпы мәдениетіміздің тынысы, жекелеген тұлғалардың шығармашылықтары қарастырылады, ұлттық рухани жаңару процестері зерделенеді.

Онердің өнерлік міндеттін қофамның рухани-эстетикалық дамуымен тығыз байланыста алатын сыншының әдебиет пен өнердегі дәстүр мен жаңашылдық туралы және көркемдік-эстетикалық ізденістер мен сол ізденістер жүлгеленетін шығармаларды жаңа өнер философиясы аясындағы талдаулары мен тұжырымдары да қызығылықты.

Үш бөлімнен тұратын кітап – Әдебиет; Театр. Кино; Мәдениет. БАҚ – сыншы, мәдениеттанушының есу жолын да көрсете отырып, шығармашылық-тұлғалық болмысын біргұтас тануға мүмкіндік береді.

ББК 83.3 Қаз

Б — 4603020000  
430(05) — 07 хабарланбаған — 2007

ISBN 9965-759-68-5

© Бөпежанова Ә., 2007  
© “Жібек жолы” БҮ, 2007

*Аяулы анам  
Жұмагүл Жазкенқызының  
рухына*

**I БӨЛІМ**

**ӘДЕБИЕТ**

**Әсселер  
Сын мақалалар**

## **СҮРЕТКЕР МҰРАТЫ**

*Қалихан Ысқақов шығармашылығы хақында*

Жазушылық жолдың сан қырлы паралары, шарттары, себеп-салларлары барлығы әріден анық. Әдебиетке келген әрбір жастың өзіндік “тар жол, тайғақ кешуден”, ал енді біреулерінің еліктеу, үйрену, тәжірибе жинақтау кезеңін өтері тағы жоқ емес. Дей тұрғанда, конілде үйықтан жатқан көп ойдың оянуы үшін, санаға түскен сәуленің жеке ақыл-ойды құммен ықсан жездей нұрландырып қана қоймай, өзгелерге де, айналасына, ортасына шапағын шашуы үшін табиғи дарын, талант аздық етеді. Бюффонның “талант дегенініз – тозім” деген пікірмен келіспеске әддініз жоқ. Жазушы үшін зерденің мазасыздығы басты шарттардың бірі болса, жән сергектігінің, сезім саралығының бір кезеңі – балалық, жасөспірімдік кезең секілді. Конітеге катты бескіген оқиға-құбылыстардың, сол шакта санаға салынған толық, айқын түсініп болмаған жай-жағдаяттардың қундердің күнінде зерделенер, таразыға, ақыл безбеніне түсер; талданып, таратылып үғынылар уақыты тумай қоймайды. Сент-Экзюперидің “Терім менің – балалық” қанатты сезін білмейтініміз кемде-кем. Үлті Хемингуэйдің жазушы болудың алғышарты не деген сауалға “бакытсыз балалық шак” деп жауап беруінде де шындық жоқ емес.

Қазақ әдебиетіне 60-жылдар бедерінде келген талантты жас буынның балалық шағы еліміздің талайлы тағдыры 1937-жылдарына, Үлті Отан соғысы кезеңіне тап келген еді. Балалығын уақыт, жағдай, женіс еншісіне беріп, буыны ерте катаған бұл үрпактың кокірегінде байланған мүң, қордаланған қайғы жоқ-ты деп айта аламыз ба? Бүгінде жігіт ағасылық жасқа жетіп, ел ағасылық қарекетте жүрген буынның шығармашылығында алғаш қолдарына қалам алған шактан бастап-ак соғыс тақырыбы, соғыстың, оның алдынданы зобалаң жылдардың адам баласына әкелген қайғы-қасіреті, кесепнаты, әйтеуір бір қырынаи көрінбей қалмайды. Осы буынның бірегей өкілдерінің бірі Қалихан Ысқақов шығармашылығын бағамтасаңыз, сонау аласапыран, 30-жылдардың, соғыстың зобалаңы арқасына батқан, сол кездегі ел тыныс-тіршілігін, сондай-ак тыл омірін көкірек көзімен жаттап, қаттап жүрген жаннның дүниетаны-

мын түйсінер едіңіз. Жазушының “Қоңыр күз еді” повесінен бастап “Ағайындар”, “Мениң ағаларым”, “Бұқтырма сарыны” повестерінде, “Қараорман”, “Ақсу – жер жаннаты” романда сонау талайлы жылдардың және соғыс кезеңінің жаңғырығы, кесепат-зардабы адамдардың тағдыры талайы арқылы сезіліп отырады. Ал, “Түйік” романында кешегі мен бүгінді қатар суреттеген жазушы соғыс жылдарындағы тыл өмірінің шынайы картинасын да жасайды. Соғыс майданда да, тылда да үлкен ауыртпашилықтар өкелді. Романда адамның нағыз болмысы осы қыншылықтарды қалай көтере алуынан көрінеді; жақсылық пен жамандық, ерлік пен ездік, елдік, тұтас бір үрпак тағдыры, уақыт келбеті – Алтай өнірінің бір пүшпағындағы кішкене ауыл, “Мұрат” ауылның өмірі, тыныс-тіршілігі арқылы зерделенеді.

Алтай өнірі демекші, Алтай – Қалихан Ісқақовтың өз Йокнапатофасы\*. Жазушының зерттеу обьектісі негізінен осы Алтай өнірі, оның кешегі, бүгіні және ертені; түйіп айтқанда, Алтай географиялық ұғым ғана емес, әлеуметтік-адами үлкен орта және де жазушы сол ортаны жаза отырып адамзаттық ортақ шындықтарды іздейді. “Қоңыр күз еді”, “Ағайындар”, “Мениң ағаларым” повестеріндегі жекелеген өміrbаяндық фрагменттер жинақталғанда, тұтаса келе бір үрпактың адамгершілік-рияллық болмыс-бітімін танытады.

Жазушы алғашқы “Қоңыр күз еді” повесінің өзінде-ақ кейіпкерлерінің мінез-құлқы, қарекетін ғана емес, ең алдымен, ділін көркемдік әлеміне азық етудің, ол үшін өнерді өлшеп тартудың өзіндік соқпағын салған-ды. Бұл шығарма туралы кезінде ғалым-сыншы Зейнолла Қабдолов салиқалы пікірлі макала жазғанын әдеби қауым жақсы біледі. Қаламdas досы Асқар Сүлейменовтің кезінде “Жұлдыз” журналында жарияланған “Жас прозитер және жастар образы” мақаласындағы (1962. № 11.) пікірін келтірсек: “Қ. Ісқақов жазушы есебінде балаң болса да, суреткерлік тект, сырпайлық дегенді едәуір-ақ менгеріл апты. Жазушы өз геройына еш нәрсені таңбайды, геройдың суқаны сүймейтін, геройдың табигатына аз да болса қайшы келетін әлденені арқалатпайды оған. Демек, геройды өз қанжығасына бөктеріп кетпейді... Қ. Ісқақов геройына салмағы бар, салиқалы сөз айтқызар алдында оны әбден ийн қандырып “домалатып” алады, оның жан түпкіріне сәулені төгіп жіберген сон, оның аузынан шыққан сөзді – мейлі ол құртакандай, қысқа реплика ма, жок әлде баяндау мен ішкі монологтың шарпысынан шыққан жылылыққа, дірілге толы лирикалық беттер ме, бәрібір – сол сөзді іштей

\* Йокнапатофа – У.Фолкнердің шартты көркемдік әлемі.

күтініп, бағып отыратының бар...” Құртакандай, қысқа репликада болсын, баяндау мен ішкі монологтың шарпысынан шыққан жылдылыққа, дірілге толы лирикалық беттерде болсын, қалам саптасы әу бастан-ақ “мен мұндалап” тұрған, өйткені, стилін бірден тапқан; 60-жылдардан бастап Одақ әдебиетінде, төл әдебиетімізде де мол корініс берген лирикалық-романтикалық, лирикалық-психологиялық бағыттың біздегі көрнекті өкілі Қалихан Ысқақов шығармашылығы таза реалистік дәстүр аңғарында дамып отырды. Деректі “Менің ағаларым” повесін айтпағанның өзінде, “Қоңыр күз еді” мен “Ағайындарында” да жазушы ең алдымен омірлік материалды тани, талғап, екшеу, сонсоң барып өнерге көшіру, көркем толғауда суреткерлік танытқан-ды. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның інжүі саналатын “Қоңыр күз еді” повесінен бастап-ақ хас өнердің мұраты – адам жанының рухани түлеп-тазаруына, кемелденуіне әсер ету үдесінен шыға алды. Мына дүниені аңы-тұщысымен, қым-қуыт қайшылықтарымен суреттеуі арқылы өмір шындығынан ақықат іздеді. Жазушының “Ағайындар”, “Менің ағаларым” повестерінде қарашайым, өз борыштарына мейлінше адал, жауапкершілігі мол, уақыт жүгін көтерген атпал азаматтар бейнелері арқылы өз замандастары, құрдас-құрбыларының ұжымдық жинақ портретін беруге үмтүлісі байкалады.

Кейінгі “Бұқтырма сарыны” повесі мен “Тұйық”, “Қараорман” романдарында да жазушы қоғамдық-әлеуметтік, уақыттың өзі алға қойған мәселелерге ден қояды. Жазушы шығармашылығындағы қоңыл аударарлық бейнелердің бірі – “Бұқтырма сарыныңдағы” кержак шал Жөгер бейнесі. Өзімшілдік, пайдакұмарлық психология, уақыт ағымын бағамдай алмайтын кемзерделіліктің адамның жеке басына ғана емес, айналасына да тигізер зияны шаш етектен. Ұрпағының тоз-тозы шығуына өзі кінәлі Жөгер шалдың таяз тірлігі, саяқ өмірі өзімшілдік, астамшылдық психологиядан туындейды. Өзімшілдік пен астамшылдық жаңағы айтқан кемзерделіліктің, көрсоқырлықтың баламасындей. Повесте, сыншы Т.Тоқбергенов айтқандай, “қара кек бояулар қанық” болса, айналасына, ұрпағына шапағаты шамалы, өз-өзінен тарылып, тартынып отырар шалдың мінез-құлық, болмысына лайық алынған. Жалпы әдеби сында жазушының бұл шығармасы алғашқы повестерінің денгейінен төмендеу деген сынайда пікірлер айттылған. Біздіңше, олай емес. Бұл шығармасында алғашқы кезеңіндегі әдіс-тәсілдерінен бой тарта бастаган жазушы ендігі жерде тек барды бардай, шұрайлы тілмен баяндаумен шектелмейді; жұмсақ акварельді бояуларды қанық, көз қарықтырар бояулардың озара түзілімімен алмастырады. Жөгер шал – драмалық-трагедия-

лық пландағы характер, көркем бейне. Сыншы С.Әшімбаевтың Жөгерді В.Беловтың “Үйреншікті шаруа” повесінің бас кейіпкері Иван Африкановичтың моральдық антиподы деп бағалауымен келісуге әбден болады. “Бұқтырма сарыны” – ішкі иірімге бай, ойға құрылған, бояу-реңкі өзгешелеу машиқта жазылған шығарма еді. Осы повестен кейін “Түйық” сынды сындарлы романының дүниеге келуі заңды да сияқты.

Қай жазушының өзі үшін бірегей, әдебиет үшін орны ерек шығармасы болары хак. Қысқақовтың осындай туындысы, біздінше, қозғар әңгімесімен де, көркемдік қалып-бітімімен де шығармашылық толықандығының қуесіндей болған – “Түйық” романы. Әдеби сынның да, оқырманның да әлі талай оралып, қайта оқыр, уақыт өткен сайын жаңа бір қырларымен ашыла түсер “Түйық” – философиялық-психологиялық пландағы роман. Шығарманың бас кейіпкері Қажымұрат бейнесінде жазушы өмірдің ең киын шактарында да адамның жасампаздық күш-қуатын ашу мұратын үстанады. “Мұрат” ауылының кешесі мен бүгінің қоса қабат өре отырып, ішкі тартысқа, күрделі харakterлерге бой үрады. Қажымұрат, сондай-ақ Әлмұрат, Зылиха, Трофим шал, Захаир, Рәпія, Шәмшінүр, Қияқмұрт, тағы да басқа кейіпкерлердің қай-қайсысы да әбден дараланған, толықанды бейнелер.

Қажымұраттың киын да күрделі тағдыры қоғамдық-әлеуметтік және адамдардың өз арасындағы қарым-қатынастарының диалектикасы әрі қайшылығы арқылы суреттеледі. Әдебиеттің хас мұраты, Толстойша айтқанда, адамның жан демін, болмыс-ділін тану. Ал, адам – қоғамдық, әлеуметтік-риялыйк, адамгершілік-гуманистік фактор. Демек, жеке адамның жан дүниесінен де уақыт белгілері, мұраттары (идеалдары) көрінбек. Қажымұрат бейнесінде жазушы харakter тұрақтылығын, рух болмыс бірегейлігін бейнелейді. Ұлы Отан соғысы жылдары шағын ғана “Мұрат” ауылының ел басшысы да, көнгерлі көк өгізі де бола білген; кейін бейбіт өмірде де мағыналы ғұмыр кешіп, ел ағасы атанған мылқау жігіттің жан сергектігі, көніл көрегендігі, түптеп келгенде, табиги табиғатынан туындал жатады. Бас кейіпкер Қажымұрат пен зиялды, ішкі мәдениеті мол, ер жүргін арқалаган келіншек Зылиха арасындағы сезім өліп-өшкен отты құштарлық емес, бір-біріне әбден лайық, бақытты болуға әбден халылы екі жаннның шуақты жан жылуының тоғысы, іштей үғысы. Адам өмірінде мүмкін бір рет қана болатын шынайы да кіршікіз сезім адамгершілік қасиеттерден бастау алады. Қажымұрат жалғыз әйел баласына қарым-қатынасында (Зылиха, Шәмшінүр, Назым) қашанда ізгілік пен ізетті бүлінді тірліктің бұзылmas тірегіндегі көрелі.

Осы орайда жазушының “Өмір дегенниң бәрі әйелге деген сағыныштан басталады” деген сөзі еске түседі.

Романда әдette жанр шарты болып есептелеңтін кең қулаштылықты шағын көркемдік кеңістіктегі зерттелер, зерделенер өмір, тереңнен тартылар, сан қабат күрделі тартыс алмастырады. Өткен күн мен бүтінгі тан оқиғалары қосакабат орліп, уақыт пен кеңістік аражігі ажырамай жымдасып кетеді. “Түйікта” кейіпкерлердің еске алуラры немесе тікелей мағынасындағы шегіністер жоқ, есесіне кейіпкерлердің ішкі монологтары, қажет кезде авторлық ой ағынымен жымдаса берілетін диа-монологтар мол. Подтекст, астарлы ойлы романда қофамдық-тариҳи өзгерістердің жеке адам тағдырындағы да, халық, ел тағдырындағы да ролі, алар орны некты оқиғалар дамуы барысында ашылған. Оқиғалардың озінен горі кейіпкерлердің оған қатыс-қатынасы, қозқарасы психологиялық ішкі іірімдер негізінде салмақтырақ түсіп отырады. Жалпы Ыскаков шығармаларын оқығанда Хемингуэйдің конке мәлім “мұздак” (“айсберг”) поэтикалық принципі ойға орала береді. Бұл поэтикалық үстаным жазуны шығармашылығының көркемдік, суреткерлік аспектісінен де, ал, ең бастысы, өзі суреттеп отырған уақыттың, адамдардың психологиясын зерттеу жолдарынан да байқалар еді. Жазушы оқиғалардың озінен горі кей реттерде кейіпкерлердің сол оқиға-кубылыстарға деген қатынасы, қозқарасына көбірек жүк артады дедік. Мәселең, “Мениң ағаларым” повесіндегі кейіпкерлер табиғатынан; әсіресе, осы “Түйік” романында жазуши “колмен үстап, көзбен көрсетпесе” де, Қажымұрат тағдырының іірім, қатпар-қыртыстарын, оның басына келген “зауалға” уақыты, қофамдық жағдайы, саясат кінәлі екенін сезініп отырасыз. Романың алғашкы нұсқасында “Үндемей откен адам” аталуының, тіпті бас кейіпкердің мылқау болуының өзі тегін еместей. Қажымұраттың мылқаулығы – физиологиялық кемтарлық қана деуге болмас – санасы өрелі, жады-зердесі мықты, рухы биік жандардың үн шығармау үшін жасалған қофамдық ахуалдың да корінісі. Жазушы негізгі айтарын өзінің эстетикалық-көркемдік кеңістігіне сыйдыра біледі. Сондықтан да романда ішкі кеңістік, тыныс, үстамды стиль бар. Әуен-әуезі жарқылдан горі жарқын мұнға жетелейтін; адам ғұмырының мәні, адамдық қасиеттердің күдіреті, күн-қуаты туралы салиқалы ойларға бастайтын шығарма жазушының ғана емес, қазіргі қазақ әдебиетінің өсken биігін таныта алар көркем дүние.

Қалихан Ыскаков буынының көркемдік ізденістері одақтық, лүпнежүзілік көркем тәжірибелермен қанаттаса жүріп отырды. Бұл буын сол тәжірибелерді қорыту, сынни қарау арқылы өзіне қажетін

ғана қабылдап, дәстүрді байыту арқылы көркемдік қоқиңектерін кеңейті түсті. Дүниежүзілік көркем тәжірибелі игеру, оны дәстүрлі аяда дамытудың бір көрінісі – Қ. Ысқақовтың осы “Түйык” романы. Мәсслен, осы романда жазушының Э.Хемингуэй, Г.Белль шығармаларындағыдан уақыт пен кеңістіктің арасына жік түсірмей. оқигалар ағымын анықтап-ажыратуды оқырманның өз еншісіне қалдыратын әдіс-тәсілге бой ұрганы айқын ангарылады. Жеке пікірімде, “Түйыктың” Хемингуэй шығармаларымен, өсіресе Қажымурат бейнесінің “Тәуекелдегі” (“Иметь и не иметь”) Генри Морган, “Жанзадағы” (“По ком звонит колокол”) Роберт Джордан, “Мұхиттағы аралдарындағы” (“Острова в океане”) Томас Хадсон бейнелерімен үндестігін жокқа шығаруға болмайтындей. Бұл – жазушылардың стильтік көркемдік әдіс-тәсіл, қофамдық-әлеуметтік позицияларындағы айырмашылықтарына қарамастан – кейіпкерлерінің рух мықтылығы, ізгілік, адамгершілік атты ұғымдар бійінен табылуынан; адамға деген махаббат, аяныш, кешірім, тұптің түбінде адамның рух мықтылығымен жәнеріне деген сенімнен; адам бақытсызығының себебін қофамның даму деңгейімен, қофам дамуындағы қайшылықтармен, орта, әлеуметтік жағдаймен тығыз бірлікте карастырудан туындастын үндестіктер.

Жазушы Қалихан Ысқақов ұғымында – адам бойындағы жағымсыз қасиеттер туа бітпеген. Онын бәрін адам тағдыры тәлкегіне түскенде жамап алады. Бірақ, қанша дегенмен, адамның аты – адам. Жүрегінде ізгіліктің, жақсылықтың, адамгершіліктің сәулесі бар. Соны таба білу керек. Оята білу керек. Сондыктан да суреткөр кейіпкерлерінің де, замандастарының да бойынан осындағы қасиеттердің үшкynын іздейді. Бұл сипаттар, өсіресе, оның “Қараорман”, “Аксу – жер жаннаты” романдарында көрініс тапқан.

Қараорман – тек қазак емес, бүкіл түркі ұғымында Отан, ел-жүрт деген мағына береді. Қара орманың үшін не тыңдырдың, не жасадың, не жасамақсың? Қара орманға діңгек қадамасаң да, қандай таяқ шаныштың? Бабаңнан кейін не өзгерді, атаннан кейін не өзгерді? Сенен кейін не өзгермек? Осындағы сауалдарға жауап іздейтін “Қараорман” романынан жазушының казіргі кездің көкейкесті мәселелеріне қосқан азаматтық үні; адамсүйіштік, имангершілік, ізгілік атаулыны уағыздаушылық дауысы естілетіндей. Заман, уақыт талабымен аякты тең басып, туган жер, аймақ, ел атты ұғымдардан кеңінен ойлайтын іскер басшы Сифат, туган ел-жерсіз өмірінің мәні жоқтығын сезінген Жақып, азаматтық-әлеуметтік санасы енді то-лысып, енді-енді қимыл-карекет көрсету қамындағы Бекет – авторлық үлкен идея арқаланған бейнелер.

Жазушы “Қараорман” жарық көрген соң араға біраз жыл салып барып “Ақсу – жер жаннаты” атты қомақты романын ұсынды. Жана туынды – негізі “Қараорманда” қаланған; Алтай аталағын иен олжениң бүтінгі – кешегі талайлы-талапайлы тағдырының нәтижесі екенін, ал болашағы бүтіннен қаланағын суреткерлік ой-зерде, көніл-козбен жіті барлап, жентектей таратқан, тараулатқан туынды. Кезінде “Қараорман” романында жазушы түгел актарылмағандай, айттар шындығын індете ашпағандай көрінетін де тұратын. Бұл роман, сыншы Т.Тоқбергенов айтса айтқандай, аяқталмаған, енді ғана басталған, үзік-үзік хикаялар сыңайын танытқан. Оқырман қауымның біразы романда жібі тұзу кейіпкер аз, бірі кеше, бірі топас, бірі заржак, т.с.с. деп қоңылтақсығанын да білеміз. Мұның да себебі жоқ емессті. Өйткені, жазушы кейіпкерлерін мейлінше, қаншалықты даралағанмен де, ол кейіпкерлердің әлеуметтік түп-тегі, ортасы, уақыты түп-еткептің қоларылмаған соң, әлгіндей мінезд-болмыстар аспаннан түскендей, өзін-өзі актамайтында сезілтері шындық-ты. Енді бағамдасақ, оның да объективті себептері болған сиякты. Жазушының “Қараорманды” жазу барысында аяқ-колы тұсалыңқырағандай екен – басы ашық шындықты құлаш сілтеп жаза алмаған кез болды.

“Ақсу – жер жаннаты” романы негізінен бүтінгі күн, бүтінгі күн болғанда, Алтай өнірінің жетпісінші жылдарын қамтиды. Десек те, романның көркемдік әлем ауқымы бұл кезеңмен ғана шектелмейді – Алтайдың, оның әлеуметтінін сонау ғасыр басынан бергі тағдырына, тыныс-тіршілігіне ортақтастырады, сан тарау ашы саудалдарға да жауап іздедеді. Совет өкіметтінің орнағанына жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, жұмак өмір неге орнамады, Жерүйік неге табылмай келеді? Ел неге тозды, жер неліктен азды?.. Түйіні, бүтінгі тан үшін түйіні – ел ішіндегі рухани кедейліктің, ошақ басының тексіз кіршендігінің, тұп тамыры неден, қайдан? Айтысайын десе – айыпкері, алысайын десе – жауы жоқ боп дал болған елдің қосы кайтсе бүтін бүтінделмек?

Себепсіз салдар жоқ. Ел азса – жер тозады, жер азса – ел тозады. Жазушы өнеріне өзек болған Алтайдың бүгіні, 70-жылдардағы жүдеу тыныс-тіршілігінің себебін әріден, арыдан іздейді. Патшалық Россияның отарлау саясатының зардабын, Шерубайдың әкесі Сапаның толғамымен айтсак, “...Патша заманын да көрген, қазаққа ақ патшаның ұсынған дәмі де зәһәрдан ашы, қыл бұрауы қылыштан да откір екенін және білетін, бір мың да жеті жұз тоқсаныншы жылдардан басталған переселен бұратана халықтың қанын судай шашыны, жерін, консызын тартып алып, Алтайдың асуына апарып тыққапта да арашашы табылмаған... Жер деген шіркіннің қасіреті қатты,

қара орманның тақсіреті онан да зарлы екенін”; Бұқтырма мен Қатынның сүй қан бол ағып, Алтай өнірі қан-жын сасыған кезді де, кенес өкіметі орнаған соң асыра сілтеудің, кемзерделіліктің қамши үйіргенін, кезді бақырайтын қойып ақ малын пулеметпен қырып салғанды, жұт-аштықты көрген ел, иғі жақсыларынан көзбе-көз айырылған, басын тауға да, тасқа да соққан елдің; басына түскен апат-аштықта Жанжігіттей зерделісі болмай, қырылып қалған ауылдардың тағдыры; сонау алмағайып кезде ағайыннан айырылып немесе бар жекжаттың өзінен шапағат көру мүн болған шактардың мұзы осы күнге дейін ерімей жүрген адамдардың тағдыры; көкпарға түскен тоқтыдай бол біресе анда, біресе мында қарап тозығы шыққан шаруашылықтардың тағдыры; өртөнген, оталған орман, бүлінген болмыс, қыңыр-қисық, мешел мінездер – бәр-бары жинақтала келгенде жазушының жан жарасын тырналайды. Бірақ жанын ойлап аянкестенетін ол жок. Туындыда “Тұйық” романына дейінгі лирикалық-психологиялық мәнерден “бас тартатын” жазушы, енді өмір шындығына “үкідегі тік, керек десеніз, бағжылық қарауды, жақсысын асырмады, жаманын жасырмады” мұрат тұгады.

Кейіпкерлердің бүгіні мен кешегісі тұгаса келе мінез болмысы. ой-түйсігі, арман-мұддесі балшының құмалағандай бадаланып; “Қараормандағы” портрет, мінез-құлық-пиғылы, қымыл-қарекеті анық болғанмен де, тегі, түп-түқияны, әлеуметтік болмысы бұлыңтырау кейіпкерлері мұнда – жаңа шығармада жарқырай ашылады. Ағайын-туыс, елдес-ауылдас, рухтас-мұраттас бол бір-бірімен қоян-қолтық ғұмыр кешіп, өмір жолдары өрмекшінің торындей астаса шырмалып жатады.

Романда рухани тектілік, адамдық-азаматтық сана-зerde, сезім-күйдің әр деңгейінде – үшар басында да, ортан белінде де тұрган. сондай-ақ етегінде жер бауырлап жатқан да кейіпкерлер аз көрінсін мейлі, көп көрінсін мейлі, бүкіл діл-болмысымен көз алдыңызда қалып қояды. “...Елге неңді сініріпсін? Еңбегің бе?.. Қалай айтсан да енбек – ниет пен қолдың каруы, құректің атауымен өлшенетін азап пен тер емес пе... Ал сол дүние-жалғанға рухани не қалдырыдын?..” деп өз жанын жегідей жейтін Шерубайлар, алтынның сыйнығында Жанжігіт, Осип қариялардың бойындағы рухани тектілік – жігіт ағасы, ел жағасы болған, тағдыр талқысын көп көрген Сифатта, қыздай жесір, соғыс кезіндегідей әлі де өздерін “бірі – сельсовет. бірі – хатшы” сезінетін Сарқыт пен Марусяларда, бұлардан кейінгі үрпақ, соғыстың өзін көрмессе де, зардабын, ауыртпалығын тартқан, ой-зердесі өзгелеу егеръ Асхат, Жанжігіттің ұлы үшқыш Қыланхан. тілі уытты, темірді де кесіп түсер жырау Бескемпір, әкесі Есімханның

бітеге саналығы жан шиқанына айналған Бекеттерде; Шерубайдың қызы Сән, Сифаттың қызы Меруерт, жансүйері, кейінгі зайыбы Менсұлударда жалғасын тапқан. Менінше, романда жазушының негізгі ой жүйесін анықтай алып шығар кейіпкерлердің бір парасы – “адамның басы – Алланың добына” айналғанда адам табиғатының қалай қырық құбыларын, өзгерерін, жалпы адам баласының жабы, жәутік болуындағы қоғамдық-әлеуметтік атмосфера-жағдайлардың рөл-“үлесі”, адам бақытсыздығының түп-тамыры қайдан туындайтынын бағамдатып; жазушының өзі қашшалықты аяусыз “үрып-соғып”, уытты тілімен түреп отырганмен де, үлкен жана шырылдықпен, аянышпен (аяу, жаны ашу үлкен махаббаттан ғана туындаиды) суреттеледі. Орман шаруашылығындағы “Дружба” бригадасының мүшелері – тасқабақ Жақып, суырыпсалма ақын Бескемпір, өмірінің жартысы акша жинаумен өткен Мешел бейнелері арқылы жазушы ел басына түскен тауқымет-нәубеттің нақ өзінен ғөрі “нәтижелерін”, киуы қашып, құрсауы кеткен тағдырлардың трагедиясын зерделетеді. Сигатша толғағанда, “Әр құбылыстың әлеуметтік себебі бар. Тек қылмыстың ғана емес, жабылықтың да әлеуметтік тамырын тауып, соған орта, қоғам болып балта шаптай, біз кіслікке жарамаймыз. Жабылықты тек адамның жеке басының міні деп санауға болмайды”. Жақып, Мешел, Ситандардың болмыстарындағы қайшылықтардың да объективті себептері бар. Мәселен, алғашында Мешел түгісігі шамалы, акша десе жанын беруге бар, ал ақшаны не үшін жинайтынын өзі де білмейтін, мәңгүрт болудың сәл-ақ алдындағы адамдай көрінеді. Ал адамды мәңгүрт ету үшін оның тарихи жадысын жоғалту, откенинен ажырату, туған-өскен жерін айранасыр ету, тәу етер ата-баба, ата-ана бейітін типылдап жіберу жетіп жатыр. Мәселен, Мешелдің “...оз әкесі есінде жоқ. Әскерге елден бұрын кетіп, жапон соғысынан қайтпай қойыпты. Қызыл жұлдызды шлем бөрік киген мұртты казактың суретін әкем деп иемденуші еді. Бір күні мас боп келіп, ку соқыр жыртып тастағаннан бері ол бейне де көз алдынан біржола өшкен. Шеше байғұс жұдырықтай баламен жиырма жасында жесір қалған екен. Күні үшін тиді ме, әлле жесірлік қажытты ма, кім білсін, үш бала тауып берсе де, оле-өлгенше үш күндік бай қызығын корген жоқ. Жаз шықса сал айдалап қаңғып кетіп, күз тапқан-таянғанын тауысқан соң, алты ай қыс пеш үстінен түспей жатып алатын, асқа масыл, басқа септігі жоқ дуананы асыраймын деп-ақ өмірі өкісіген. Сөйтіп жүріп үстінен бір жапырақ жіп ілмеген анысы екі метр көрге де ақыретсіз кірген еді. Ақыры, белгісіз моласын да көп белгісіз төмпешіктермен бірге “Қызылжар” деп аталатын шағын пристаньмен қоса Бұқтырма

дайтін теңіз жұтып қойды... Бұқтырма адыра кеткен сол бір бала-лық шағын, өмірбаян деп аталатын артындағы шиырын да біржола өшіріп кеткен секілді еді..."

Романның екінші бөлімінде кейіпкердің күлді көмеш бол катып қалған жүргегінде адамгершілік сөуле үшқыны жылтылдаپ, хал-қадерінше тарихи жадысы көз ашады, адам баласын хайуаннан ажы-ратар санаалы өмірге иек арта бастайды. Ол ендігі жерде Алтайдың орманын ғана қорғаушы емес, адамдарының да қорғаны болар жо-лының – Сиғат, Асхаттар жолының жүргіншісі. Шығармада жер ортасына келгенде серпіліске түскен, тасқабақ Жақыптың да, Бескемпірдің де, бар тірлігі тышқанның сыбағасынан пұл табу бол жүрген Ситанның да болмыс-қалыптасуы балалық шағынан бастап жүлгеленеді. Бұлардың, бір қарамакқа, қызық біткен бұтақтай болуы-ның әлеуметтік себептері ашылады... Ал ағайын-туысты жат еткен, елді тоздырып жіберген сол бір кезеңнің тірі экспонатында Есімхан болса Алматыда үлкен қызметте алшаң басады. Ең сүмдышы сол – ол өзін өкімет пен партияның тапсырмасын жаңын аямай орында-дым деп, қазір де орындал жүрмін деп сезінеді. Отыз жасқа дейін ел қайсы, жер қайсы деп ешкімнен сұрамаған, атамекенін, әкесінің жұртың іздемеген Бекет әкесі Есімхан туралы өңгіменің шет жағын Жанжігіт шалдан естіп, жаңы түршігеді. "Мен үрын түскенде апа-ларың он екіде еді, – деді, Бекетте құлак бар-ау деп тұрған жок. Әйтеүір дей салды. – Өкеміз койдан жеті тұсақ, бір қошқар, жыл-қыдан жеті байтал, бір сөүрік берді де, жеті сырмак пен жеті көрпені катынына қаусыртып аласың деді. Неге жеті деп мен сұрағаным жок, жетімге беретін қайыр-садаканың түрі осы деп ол айтқан жок. Бар айтқаны – үйіне құніне жеті конак түссе де, біреуін құрауыз жіберсен, менің үрық-шарқымының есебінде жоксың деді. Жеті көрпе, жеті сырмак қонақтың жамбасында тозды, қонақтың саусағынан ар-тылған жеті тұсақ, жеті шыбыштың қалғанын өкіметке тапсырдым. Жеті байтал жеті үйір жылқы болып еді, бірісіне тісім тиген жок. Жиырма сегізінші жылы сенің әкен манқа келді деп пулеметпен қырып салды, осы елге жал-құйрықты түқ қалдырыған жок. Әйтеүір, ағайынның арқасында қара басым манқаға шыкпай аман қалды!.. Арғы беттегі ырсиган сонау жарды көрдің бе? Соның етегінен терещордың көрдің бе? – деп, шал келсаптай қолын қоқиекке сұғып-сұғып алды. – Менің көзім жетпесе де, сол беттен құлағыма құні бүгінге дейін жылқының шұрқыраған дауысынан шошып оянатын болдым!.. Жалаңаш жарқабақ тұманның астында қалған екен. Жар басындағы қаздай тізілген ағаш үйлердің шақырайған шамдары ғана

жылтырайды. Шақырайған көп шамдар оққа байлап тастаған көп жылқының шатынаған көзіндегі болып елестеді де, дәл қазір желіні үзе, шыңғырысып шаба-шаба жөнелетіндегі Бекеттің тұла бойы түршігіп, қашадан кейін шегінді...”

Астанадан кияндағы Алтайға келген Бекеттің естіген алғашқы сүмдіғы осы; әшейінде де әкесіне деген қоңлі шамалы жігіттің, әкесінің сызды да сүлу өмірінен, берекесі кеткен, сырты бүтін, іші түтін үй-ішінен жерінген Бекеттің, әкесінің Алтайда қалдырған ізінің жұлгесі осы бір әңгімeden кейін санасына тас боп түскен жігіттің жан дүниесінде төңкеріс басталады. Ол енді ел тануға, жер тарихына ден қояды, тіршілік қамымен – хайуани салахиятпен күн кешкен әкеден безініп, – “адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем деп нисаният – адамдық жолында” (М.Әузов) ғұмырын сарп еткен Сиғат сыңды азаматтың бел баласына айналады. Ел үшін қам-қарекет жолына енді бет бұрган, қоғамдық-әлеуметтік санасты толысқан жігіт үлкен аядағы қымылға енді кірісеріне сенім туады.

Егер шығармадан бас кейіпкер іздеу қажет болса, бірден ол – Сиғат дер едік. Тағдыр жолы сан бұралан. Ленинград блокадасының азабын басынан кешкен Сиғат бүтінде қамкөңіл болса – халық үшін, жаны жай таппаса – қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да жақсылық көрсетсем, аз-тоз болған жұрт – ел болса еken дегені. Елдің соры қөші-кон, халықтың соры миграция екенін Сиғат жігіт-желен кезеңде-ак үққан. Бұл елдің қаймагы қашан бұзылды десе, Сиғаттың есіне 16-жылдың июн жарлығы түседі. Зерделі, текті азамат Сиғаттың жаны шықса – ел малды құнкөріс үшін емес, өмір сүру үшін, рахат үшін жинаса деп шығады. Қызылтанану боп Алтайдың ағашын қорығанда адамын кім қоргайды деп жанұшырады. Сонау 30-жылдары Ленинградтағы академияны бітіріп елге келіп, қажетіне жарауды ойлаған, бірақ үкіметке керек болмай қалған Сиғат Осип шалмен екеуі орман шаруашылығының болашақ қонысын Ақсудан тандаған; аштықтан тоз-тозы шығып, кесіпсіз қаңғырып қалған қазақ ауылдарын Ақсу өніріне алып келген. Аласапыран кезең, блокададан кейін елге оралғаннан бері әлеуметке, Ақсуға жұмсаған қайраты есепсіз жігіттің бейнесі – ой-толғамы, сезім-түйсігі, теренен ойлар сұңғылалығы, кірпияз-сынальғы – бәрі-бары тоқайласа келе оқырман жадында жатталып қалады. “...Ойлап отыrsa, шамасына өлшеп, шаруасын біліп жайына жүрмей, тірлікті өзінің емес, өзгенің ісінен бастапты да, содан тапқан азабы болмаса, барқадары да жоқ, бұқіл ғұмыры осымен өтіп келе жатқан сияқты; Сиғаттың күні ел үстінде, елдің күні Сиғаттың мойнынан түскен емес...” Шығарма қоғамы-мыздың хал-жағдайы, адамдарды кіріп тарлыққа дү-

шар етер алапат механизмнің болмысы туралы ойға қалдырады. Сифат райкомның бюросынан шыққан соң, жолда келе жатып дүніне кешеді. Алайда романдағы оптимистік рух бәсекесімейді. Өйткені, жоғарыда да айтып өткеніміздей, Сифат та, Жанжигіт, Шерубай, Осип, Сарқыт, Марусялар да – халықтық ізгі-иман қасиеттердің квінтэссенциясындай кейіпкерлер – әркайсысы өз әл-қадерінше ізгілік, адамдық қасиеттердің дәнін сеуіп өтуші адамдар. Бұлар үрпақсыз емес, рухани мираскорлары мол адамдар.

Ікілым замандарда Асанқайғы ізденген Жерүйық – әрбір адамның өзінің туған, өскен-өнген жері шығар. Ал туған-өскен-өнген жері әрбір жанға жер жаңнаты – Жерүйыққа айналуы ушін әлеуметінің рухы мықты, өзі мығым болмағы шарт. Қазағы бар, кер-жағы бар – алтайлықтардың ұғым-тәнімінде Жерүйық – Аксу екен. “Алтайдың бытқылында адасып отырған елді мекен, ары акқан, бері акқан бұлак біткеннің Аксу атаулы содан болса керек”. Жазушы – Алтай, оның тұрғындарының тағдыры, экологиясы, жарты ғасырға жуық тыныс-демімен біріге-бірегейленс отырып, дүниән ұғымдардан ой кешеді. Біздіңше, бұл роман бүгінімізді де, әлеуметіміздің бастан өткеген тарихи шындықтарын, актандактарын да төл әдебиетімізде көркемдік тұргыдан зерделеген алғашкы кең тынысты туындылардың бірі. Бұрыннан жұлын-жүйкені бітеп жүрген аласалыран ой, қылбурауға түскендей күй кешкен сезік-сезім, аста-төк материал ақ қағаз бетінде бір деммен төгіліп түскендей сезіледі, “бір деммен” дегенді қоңіл қалып-куйі, шабыт ұғымынан айтып отырмын; ойы кордалы, сөз суретінің тек Қалихан Ысқақовқа ғана тән сұлулық, саздылығы, сыңыры, бейнелілігі ерекше туындының азаттық үні айқын естіледі.

Енді романға байланысты бірер қоңіл күмәнімізді білдірсек:

– кейіпкердің де ой-толғағы, түтеп келгенде, автордықі. Ал, жа-зушкиның айтар ойлары кей кейіпкерлердің қанасына сыймай жата-рын (мәселен, Василий Иванович Соловьев, т.б.); халық трагедия-сының айыпкерлері боп танылар адамдардың (мәселен, Есімханнның) өз трагедиясына үнілінкіреу, соны үнгінкіреуді ізденімізді (өйткені, Есімхандардың өз трагедиясы, пайда болуының объективті себептері бар);

– бүгінгі тонын айналдырып келген Есімхандар тобының, мәссе-лен, лақа ауыз Әбдіжапардың сүйеніш-тіректері болмыс-пішімінің анығырақ, айқынырақ көрінбегеніне аздал қоңылтақсығанымызды;

– Алтай – қаймағы бұзылмаған халықтық тілдің бесігі, Алтай тұрғындарының сөз саптауы бөлек, шетінен шешен десек те – ха-рактер даралауға осының өзінің кесірі тиіл жатарын;

— романның аты да көнілге қоныңқырамайтының (шығарманың он бойында Ақсу — Беловодье, Жерүйік екенін Осип шалдан ғана естітіндіктен де емес, әрине) таратыңқырап айттар едік. Қажет сана-мадық. Өйткені, біздін бұл көнілкүмәндарымызды сейілтер шығар-ма тіпті басқаша бір қалыпта жазылуы керек екен. Ал, түйіндей келгенде, “Ақсу — жер жаннаты” — рухани-эстетикалық қазына-мыздың, ұлттық тарихи зерденің толыға түсіне қосар үлесі мол, күрделі көркем туынды.

Жазушының бүкіл шығармаларын бір-бірінен бөле-жармай, тұтас карастырсаңыз — ғасыр жүлгесіндегі ілгерілеу, тоқырау, іркілістер, соқтықпалы-соқпалы әлеуметтік даму жолымызды, адамдар сана-сындағы өзгерістерді, рухани өсу жолдарын түйсінер едініз. Үрпақ жалғастыры — дәстүр сабактастықты да, салқындықты да; рухани туыстықты да, керегар-қайшылықтарды да қатардағы қарапайым жандардың қунделікті тіршілігі, ой-сезімі, өкініші мен өксігі, мақ-сат-мұраттарымен өлшеп-безбендейтін, зерделейтін жазушы драматургиялық шығармашылығында да кешегі мен бүгінгі өмір-шын-лығымыз, түрмис-шындығымызды өрнектейді, ертеңімізге алаң болады. Оның төл драматургиямызда өзіндік орны айқын драмалара әлеуметтіміздің 60—80-жылдар көлеміндегі хал-ахуалын өрнектейді. Соңғы жылдарға дейін қазіргі қазақ драматургиясының то-қырау кезеңін бастаң өткергені туралы республикалық, одактық баспасөзде, әр трибуналардан айтылып, тіпті мұның өзі қоғамдық пікірге де айналып кетіп жүрді. Ал, қазақ драматургиясының тоқы-рау кезеңі деп танылған сол уақытта драматургияда өнімді еңбек еткендердің бірі осы Қалихан Ысқақов болатын. Жазушы-драма-тургыны “Караша қаздар қайтқанда”, “Сайқының үрпактары”, сон-дай-ақ Әкім Тарази екеуі бірігіп жазған “Апа-апатай”, “Жәке-жә-кетай”, “Кемпір іздеп жүрміз” атты үттүү комедиялары қоғамы-мыздың әлеуметтік- психологиялық қөкейкесті мәселелерін көтер-ген салмақты дүниелер еди. “Караша қаздар қайтқандағы” қария Асан, қариямен рухани мұрратас жас жігіт, көмекші шопан Асан, “Сайқының үрпактарындағы” жас шопан Қоянбектердің көзімен корінетін әділетсіздік, бұрмалау, алдаулар, имангершілікке жат бас-ка да жағдаяттар қоғамдық-әлеуметтік шындығымыз еди. Шартты түрде алғанда шопандар өмірін арқау еткен бұл драмаларда автор жеке адамның көсегесі қөгеріп, ісі түзелмей, қоғамның да көсегесі қөгермесін, қосы түзелмесін; тексіздік текірек қағып, бассызыздық бас қөтергенде әлеуметтің ұшыrap халін, “заманы тұлқі болғанда тазы бол шалар” кейіпкерлердің (айталық, Мұрат, Қарсақбай) қимыл-әрекетін мірдің оғына қадай отырып, олардың мұндаі

кимыл-қарекестке баруының объективті-субъективті себептерін де көзден таса калдырмайды. 70-жылдары одактық аренада аса резонанс тудырган А.Вампилов, В.Шукшин туындыларымен рухтас бүл драмаларды бүгінде қайтара оқысаныз — драматург-суреткердің қоғамымыздың өліара келбет-болмысын, жалпы атмосферасын сынған сүйекті бірден таныр сыйнышы-оташыдай тап басып ұстағанын мойында маска әддініз жок. “Қараша қаздар қайтқанда” драмасы бойынша кезінде фильм түсіріліпті, ал “Сайқының үрпактары”, сондай-ақ Ә.Таразимен бірігіп жазған комедиялары да, өз білуімде, театр сахнасын онша көрген емес. Драматургтың төл туындыларынан ғөрі әдебиетіміздің классиктерінің туындылары негізінде жазылған драма, трагедияларының сахналық жолы болғанға үқсайды. Оның М.Әуезовтің “Қараш-Қараш” повесі оқиғасының сарыны бойынша жазылған “Танғы жанғырық” әлеуметтік драмасын М.Әуезов атындағы академиялық және Талдықорған облыстық театrlарында режиссер, Қазак КСР халық әртісі Б.Омаров, Торғай облыстық театрында режиссер Ж.Хаджиев, ал Ф.Мұсіреповтің “Ұлпан” романы негізінде жазылған осы аттас трагедиясын Талдықорған облыстық театрында Б.Омаров, Қарағанды облыстық театрында режиссер. Қазак КСР-ның енбек сінірген онер қайраткери М.Байсеркенов сахнаға шығарды. Драматургтың Э.Казакевичтің туындысы бойынша Ш.Құсайыновпен бірігіп жазған “Даладағы екеу” драмасы Республикалық Жасөспірімдер орыс театрында қойылды. Жазушы-драматург шығармашылығының бүл қырын толығырақ тани түсу үшін “Ұлпан” трагедиясына тоқталу орынды.

Драматург романның негізгі озек-идеясынан еш ауытқымай, Ұлпан трагедиясын уақыт, қоғам, орта трагедиясы етіп суреттейді. Оның зерделеуінде де Есеней мен Ұлпанның қосылуы қоғам, орта заңдылығынан туындаған, бірақ, санаға, акыл безбеніне салғанда актауға, тіпті тілекtes болуға әбден тұрарлық жайт. Уыздай Ұлпанның өзінен қырық жастай үлкен Есенейге шығуы алғашында трагедия сияқты сезілгенмен, теренінен ойлағанда, Есенейге, Есеней берген мүмкіндік арқылы еліне мыскалдай да болса жақсылық жасауында екенін мойындастырыз. Ел бірлігін сактау, руаралық қактығыстарды тоқтату жолында Ұлпан Есенейге алғашында сенімді көмекші, акыл-қосары, рухани серіктесі болса, уақыт өте келе оның ісін ілгері дамытуши, жаңашыл-реформатор деңгейіне көтеріледі. Бір-біріне әбден лайық, мұрраттас екі жанның қарсыластары осал емес. Ұлпан халық сүйіктісіне айналғалы өз елдерінде беделдері тая бастағанын сезінген олар, әшейінде өзара қырық пышак болып жүргендерін ұмытып, бірігіп Ұлпанға қарсы шығады. Елді әйел басқарғанды намыс

көргенсіп, Ұлпанды қайткенде де аластауға үмтүліп бағады да, ақыры дегендеріне жетеді. Трагедияда Есеней, әсіресе Ұлпан бейнесі Тілеуімбет, Байдалы, тағы да басқа билердің мықты-мығымдылығына байланысты да шындалып толыға түседі. Мен бұл арада романнан белгілі оқиғаларды қайта баяндауды мақсаттап отырған жок-пын, драматургтың романның бүкіл идея-оқиғасынан алып шыққан тағылымын қалай қабылдағанымды ғана ортаға салдым. Жанр заңдылықтарын мейлінше менгерген драматург трагедияда бірегей композиция мен кейіпкерлер характерінің аса нәзік драмалық нақыштарын табады. Мұсірепов сынды сөз зергерінің көркем тіл құнарын да сактай, бояуын құлпырта білген Қ.Ысқақовқа бұл шығарма үшін Қазақстан Жазушылар одағының F.Мұсірепов атындағы сыйлығы әбден орынды берілді.

Көркем тіл құнары дегеннен шығады, шынайы өнер иесі “ен бірінші қалай жазу керектігін білу керек. Яғни өзін-өзі стилистік калыпка келтіріп алғаны жон. Драматургияда да, прозада, көркем аудармада да тіл байлығы манызды рол атқарады” дейтін, әрі осы үстанимына адал Қ.Ысқақовтың, реті келгенде айта отсек, Буниннің шығармаларын тәржималаған, Буниннің сүмдик стилистігіне таң қалатын прозаiktің, қазіргі қазак әдебиетіндегі ерекше стилист жазушы екендігі мойындалған шындық. Оның аса көркем, әуезді, сан құбылмалы бояуға тұнып тұрған тілі туралы әдеби-көркем сында да, ауызекі пікірлерде де көп айтылып келеді. Сөздің дәмін, ісін жаңымен сезетін; кескін-келбетін, құлак-козін айыратын; сөз-құдірет алдында мысқалдай да киянаты жоқ жазушы шығармаларын оқып отырып тынысыңыз кенейіп сала береді: Алтайдың ауасын жұтқандайсыз, тайга ісі, балқарағай, самырсын ісің кенсірігінді жарады. Күн мен айдың, аспан мен бұлттың, шөп пен жапырақтың қалып-қүйі, өзен мен көл, шегіртке мен көлбақа, тіпті үп еткен самал суреткерлік көзден қалт кетпейді; және де бұл орайда, біздіңше, Өуезов дәстүрін өзінше жалғастырып дамытар жазушы туындыларын оқып шыққан соң өмірінде тайганы, Алтай өнірін көрмеген жан өзін бір уақ сол аймақтың табиғатымен оянып, табиғатпен көз іletін тұрғыныңдай сезінеді.

Жазушының көркем тіл шеберлігі өз алдына жеке, терең әңгіменің арқауы. Ал, көркем тіл нәрін, қазак тілінің қасиет-құдіретін сезінгісі келетін жан, сондай-ақ қолына қалам алған талапкер жас Ысқақов шығармаларын қайталай, қайырыла соғып, оқып отыруы керек-ақ. Жас қаламгерлердің жазушыдан алар тәлімі, үлгі-өнегесі көркем тіл тонірегімен ғана шектелмейді. Суреткерді тану, толық, біртұтас қабылдау үшін оны оку, сүйсініп-тұшынып оку шарт.

Әдебиет – адамтану дейміз. Адамтану өмір тануға сабактас. Өмір тану үстінде жазушы өзінің адамдық, адамгершілік, адамсүйгіштік ықылымдарын ашады. Кейіпкерлеріне қарап авторды тани қою қыын. Әйткенмен жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бойында авторлық болмыс-бітімнің бедері болатынын, адамның болмысына тұрмыс-тіршілігі, қам-қарекеті де әсер ететінін айтады жазушы. Ал, “Суреткердің өз басының идеялық, адамгершілік, профессионалдық кемелдігін жеткілікті шындаі алмай тұрып, оның шығармасының идеялық-көркемдік кемелдігіне қол жеткізу еш мүмкін емес” (Ә.Кекілбаев) екеніне қол қоя отырып, идеялық, адамгершілік, профессионалдық кемелдікті бауырына басқан біртума суреткер Қалихан Ысқақов болмысы мен шығармашылығы жас қаламгерлер үшін өте маңызды сабак деу зәредей артық емес.

*ақпан, 1989*

## **ЗАМАННЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ**

*Әкім Тарази шығармалары туралы*

Оз шығармашылығында бүгінгі күн, замандастар тыныс-тіршілігіне бірегей бет бұрган жазушылардың бірі – Әкім Тарази. Оның алғашқы әңгіме-повестері бейнелер динамикасымен, кейіпкерлерімен сан қырлы қозқарастарға мүмкіндік тудыра білуімен, бұл ретте қоғамдық-әлеуметтік факторларды алдыңғы планға қоя алушымен ерекшеленсе, кейінгі шығармаларында айқындала түскен новеллистикалық сипатты қоса айтқанда, жазу машины бөлекстеу көрінген. “Құйрықты жүлдyz” повесінен кейін Таразидің қай шығармасы да әдеби ортада пікірталастарға мұрындық болып, темірқазық идеяларын танытатын кейіпкерлері шығармадан шығармада өсіп отырды.

Жазушының уақыт шындығы бейнеленген шығармаларының бірі – “Тасжарған” романы. Роман оқиғалары Омардан бас алғып, тарағып, қайта айналып келіп, соның айналасына тоқайласып жатады. Жоғарыда жазушы кейіпкерлерінің кітаптан кітапқа есейіп, толысып отыратынын айтқанбыз. Омар – “Құйрықты жүлдyzдағы” Сәнжанмен рухтас, бірак одан горі әлеуметтік белсенділігі жоғары, рухани бітімі келіскең кейіпкер. Қоңке сыйлы, сегіз қырлы, бір сырлы Омар аяқ астынан істі болады. “Бала оліміне кінәлі” деген құдікке ілініп, басына күн туғанда көп нәрсеге көзі ашылады. Сан шытырман оқиғаларға да тап болатын Омар, ақыры, үлкен сыннаң сүрінбей өтеді, әділдік салтанат құрады. Ол, енді, ең бағыты – адам, адам тағдыры, хал-жағдайы, жан дүниесі екенін мықтал зердесіне түйеді; туған жер, өсіп-өнген топырактың қадір-қасиетін шындаған сезіне бастайды – жаны катарапистен өтеді. Жазушы әлеуметтік белсенділігі жоғары, рухани әлемі бай кейіпкерін көбіне кимыл-қарекет үстінде көрсетуге ден қояды. Оқиғасының географиялық ауқымы кең романдағы тартыс адамдардың жан дүниесіндегі тартыс-қақтығыстар бол жүлгеленеді. Бүкіл қоғамды жайлай бастаған көз бояу, мансап пен билік алдында бас үру; әлеуметтік топтардың түрмис-тіршілігіндегі жер мен қоктей алшактық – бәр-бәрі романда қоғамның шағын моделі – отбасылардың тыныс-тіршілігінен андалады. Омар – Сәүле, Досым – Ұлмекен, Альберт Исаевич – Валентина, Жексен – Разия, Эли – Элия, Мұса – Торшолак, Әбілез Кенжеевич – Рауза Ахатовна, Мамыржан – Қадиша, Мәтеков – Қанышайым отбасыларының әрқылы мінез-кулық, ниет-пигылдары, өзіндік тағдырлары бар. Жазушы қаламы, өсіресе, тоғышарлық, мансапқорлық, арызқойлық, күншілдік, қысқасы, рухани мешеулікті суреттеуге кел-

генде жүрдек-ақ. Бұл ораіда оның кейіпкерлері тип десе де болады. Айталық, Мамыржан – жалтақтықтың, қорқақтықтың, осыдан да келіп туындар опасыздықтың (оның екінің бірінде “ойбай-ай, құрыдым, масқара болдым” дей беретіні бекер емес), Мәтеков – жала-корлықтың, Қаракұтан – даракылықтың, Қойкелді – қулық-сұмдықтың, ал Әбілез Кенжеевич (оның романның өнбойында негізінен осылай аталатыны оқырман есінде шығар) – мансапкорлықтың жиынтық бейнесіндегі. Жазушы кейіпкерлерінің болмысын өз қимыл-қарекеттері, психологиясын деталь арқылы да ашуға салмак салады. Мысалы, қалалық атқару комитетінің орынбасары, яғни Омардың орынбасары Әбілез Кенжеевич Омар шыргаланға түскенде оның орнынан катты дәмеленеді. Дәмесінің зоры сонша – ол қызының жоғалып кеткенін тірі жаңға тіс жармайды. Әбілез Кенжеевич отбасының сырты бүтін, іші түтін, оның әйелі Рауза бакытсыз, төрт тулігі сай түрмисы баянсыз жан. Оның үнемі балконға шығып, телескоппен жұлдыздарға қарайтыны бар. Басқаша, рухани таза өмірді аңсайды. Аяғын жоғары көтерген Әбілез телескоптың шынысын қолегейлеп тастаған тұста “Миллиондаған жұлдыздарды Әбілездің аяғы басып қалды” дейді жазушы. Әбілез отбасына байланысты автор деталь ретінде жұлдызға иек артқанын байқасақ, әйелінің “ішкі жұмысына қол сұқлайтын, мәдениетті” Мәтековтің әйелі Қанша-йым мен Мамыржанның байланысын айфактайтын деталь етіп кілтті (шкафтың кілті) ойнатады.

Жазушының өзіндік жазу машиқ ерекшеліктерінің бірі ретінде кинематографтық стильді атау керек. Қоптеген харakterлерді ашу-да, оқиғаларды анық-канық бейнелеуде, мысалы, Мамыржанның қарекеттерін, Мәтеков пен Қаншаіымның қарым-қатынасын, тергеуші Кашафовтың, Қойкелдінің, әсіресе Әбілездің, тағы да бас-қа бірталай харakterлерді аша түсуде бұл стильдің орны ерекше. Кейіпкерлердің үлкен тобын, олардың бойындағы пендешілік пи-ғыл, қылыштарды сипаттауға келгенде жазушы юморы, әсіресе иро-ниясы қамшы салдырмайды. Омардың басына түскен қын халде айналасындағылардың оған деген көніл-көзқарасын, қарым-қаты-насын көрсетуде де иронияға мол орын беріледі. Туынды, қазак әлеуметтің 80-жылдар қарсаңдағы өмірін бейнелей отырып, то-ғышарлық, әлеуметтік бей-жайлық, рухани зерденің қалғуының қоғамдық-әлеуметтік себептеріне көніл аудартуға бастайды.

\* \* \*

Жазушының келесі “Басынан Қаратудың...” кітабында да су-реттер ортасы, әдеттегідей, бүгінгі орга, әлеуметтік-адамгершілік

қарым-қатынастар; бүгінгіні тек қаз-қалпында суреттеумен шектелмей, бүгінді кешемен, кешегі уақыт – тарихпен себеп-салдарлы тығыз байланыстарда беруге ден қою бар. Кітаптағы “Әulet”, “Ақбердінің ауласы” повестері мен “Бураштың әңгімелері” циклы оқиғалық, кейіпкерлердің қалыптасу-даму жағынан бір-бірімен тығыз байланыстағы дүниелер. Егер оқиғалық түрғыдан алар болсак, ең алдымен “Ақбердінің ауласы” повесін, содан кейін “Бураштың әңгімелерін” және ең сонында “Әulettі” қоюға болар еді. “Ақбердінің ауласында” күйеуі соғысқа кетіп, төрт баласымен інісін сағалап барған, кіріптарлық зардабын әбден тартқан келіншек Ақліма – “Әulette” бүгінде өсіп-өнген әulet – Қараспан әuletінің тұтқасы, Пірәли шалдың кемпірі. “Ақбердінің ауласындағы” екі жасар жылауық Нұртай – “Әulette” облыстық театрдың дырдай әртісі Нұрәлі, “жөргөтінен қағынған” Хантай – кейіннен совхоз директоры, іскер басшы Ханәли, т.т.

Жазушы кітапқа енген шығармаларын орналастыруда оқиғалық жүйеліліктен әдейі бас тартқанға үқсайды. Жинақтың беташары болған “Әulet” повесінің құрылымдық бітімі оңдағы оқиғалардың тұтастығына нұқсан келтірмейді, керісінше, Қараспан әuletінің кешегісі, ал негізінен, бүгінгі тыныс-тіршілігін қамтитын оқиғаларды шашыратпай жинақтап беруге септігін тигізді. Әр кейіпкеріне жеке-жеке тоқталып, отбасылық, адамдық қарым-қатынастар негізінде әлеуметтік мәселелерге терендейтін повесте қамтылар оқиғалар ауқымы кен.

“Ақбердінің ауласы” повесі мен әңгімелер циклина автордың басынан өткен кейбір өмірбаяндық жайлар да негіз болғандай. Оның кейде жекелік те сипаттары сақтала отырып, өзгеше идеялық-эмоциялық қуат алады да, мәселен, повесте сонау жылдар, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өмірінің шынайы суреті жасалады. Соғыстың ауылдағы анық ауыртпалығы, уақыт шындығы, адамдардың күрделі де сан тарау тағдырлары Ақбердінің “академиясын” бітірген бала Хантай арқылы суреттеледі. Өзінің жазуы мәнеріне сай Әкім Тарази бұл шығармасында да уақыт, әлеумет шындығын нақты, жекелеген тағдырлар – Ақберді ауласының түрғындары: бала Хантай, Ақліма, Сапар, Әлім, Бұбісара, Шура, Жәділ, т.б. – арқылы бейнелейді. Повесте, сондай-ақ “Дүниенің шеті”, “Қара таңба”, “Көпесбай” әңгімелерінде кейіпкер “менінде” авторлық “мен” елеулі үлесі болса, “Жүрек пен штық”, “Жанбырлы түндер”, “Шұнақ құлақ”, “Батыр болмақ – ойдан-ды”, “Сарманқұлда” автор әңгімеші рөлін қанағат тұтады. Бірақ қай шығармасында да, жазушы, сыншы Р.Нұрғалиев атап көрсеткендей, адам-